

Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 2014 жылғы 15 сәуірдегі N 158 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 20 мамырда N 4675 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 2016 жылғы 10 ақпандағы № 324 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 10.02.2016 № 324 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 наурыздағы Заңының 10-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабына, "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңына сәйкес Қармақшы аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу мақсатында Қармақшы ауданы бойынша жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу орны Жосалы кенті Жолдыбаев көшесі бойындағы демалыс саябағы болып белгіленсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қармақшы аудандық

мәслихатының кезекті

26-сессиясының төрағасы

М. Есчанов

Қармақшы аудандық

мәслихатының хатшысы

М. Наятұлы